1	Мысық, әтеш және түлкі.	Ертегіні оқып беру.Ертегідеге кейіпкерлердің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру.Достық туралы ұғымды түсіндіру.Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.Ертегіні дұрыс айта білуге тілдерін жаттықтыру.Сөздік қорларын молайту.	1	8/11
2-3	Дені саудың жаны сау.	Ертегі желісі бойынша көрініс көрсете білуге деген қызығушылықтарын туғызу. Балаларды ертегінің аяғына дейін ынтамен қызыға тындауға үйрету.	2	10-15/11
4-5	Үлкенге құрмет, кішіге ізет.	Әдептілік әлемі туралы түсінік беру.Әдепті болу әр адамның өз қолында екенін түсіндіру.Үлкендерге,кішілерге көмек беруге тәрбиелеу.Әдепті адам көрікті көрінетіні туралы ұғындыру.Жақсы сөздерді жиі айта білуге дағдыландыру.Әдептілікті әркез жасай білуге тәрбиелеу.	2	17-22/11
6-7	Алтын сақа.	Тәрбиешімен бірге ертегіні мазмұндай отыра кейіпкерлердің мінез – құлықтарын дауыс ырғағы арқылы көрсету. Ертегі ретіне сай дайындаған дискілі театрды қолдана отырып мазмұндау..	2	24-29/11
Музыка (7 сағат)				
1-2	Елтаңбасы елімнің.	Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау.	2	8-10/11
3-4	Гүлдене бер Нұрсұлтан.	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауды үйрету.	2	15-17/11
5-6	Жомарт өлкем.	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білу дағдыландыру. Мерекелік көңіл- күй сыйлай білуге үйрету	2	22-24/11
7	Біздің рәміздер.	Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата біл музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Ән, көңілді, ынталы орындауға төселдіру.	1	29/11
Қоршаған ортамен танысу. (8 сағат)				
1-2	Жыл мезгілдері.	Жыл мезгілдері туралы мағлұмат беру	2	7-9/11
3-4	Алтын күз. Жомарт күз.	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.	2	14-16/11
5-6	Мектептегі тәртіп.	Күн тәртібімен таныстыру	2	21-23/11
7-8	Кітап – алтын қазына.	Білім туралы, кітаптың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру.	2	28-30/11
Сауат ашу. (11 сағат)				
1	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	07.11.2022

2	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	09.11.2022
3	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	11.11.2022
4	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	14.11.2022
5	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	16.11.2022
6	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	18.11.2022
7	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	21.11.2022
8	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	23.11.2022
9	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	25.11.2022
10	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	28.11.2022
11	Дыбыстық талдау.	Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру	1	30.11.2022
Шығармашылық әрекет(сурет,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру) (3 сағат)				
1	Күзгі жапырақтар. Жаңғақ кемірген тиін.	Түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйрету, үнгу , жалпақтау әдістерін меңгерту.	1	11.11
2	Күзгі жапырақтар. Бұлттар	Доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету.	1	18.11
3	Жәндіктер	Жәндіктерді сурет арқылы таныстырып,түсінік беру.Ағаштардың жапырақтарымен жәндіктерді құрастыруға білімдерін кеңейту.Ұйымшылдықпен,қызығушылықпен жұмысты соңына дейін жасай білуге тәрбиелеу.	1	25.11
«Математика негіздері» (11 сағат)				
1	Шар, текше, цилиндр.	Геометриялық пішіндерді ерекшеліктеріне қарай ажырата білуге үйрету. Ұқсас заттармен салыстыра білуге дағдыландыру.	1	07/11
2-3	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.	Балалардың кеңістікте бағдарлау қабілеттерін арттыру, уақыт бөліктерін ерекшелігіне сәйкес ажыратуды үйрету.	2	09-11/11
4-5	Апта күндері.	Балаларға апта күндері туралы мағлұмат беру, реттілігін дұрыс айтуды үйрету.	2	14-16/11
6-7	Жыл мезгілдері.	Балаларға жыл мезгілдері туралы мағлұмат беру, әр жыл мезгілінің ерекшелігіне сәйкес ажырата білуге үйрету.	2	18-21/11
8-9	Ауыр-жеңіл.	Заттарды салмағына сәйкес салыстыра білуге, ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.	2	23-25/11

10-11	Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.	Заттарды салмағына сйкес салыстыра білуге, ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.	2	28-30/11
Қазақ тілі (6 сағат)				
1	Ғажайып алаң	Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.	1	08/11
2	Мен және менің достарым	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	1	10/11
3	Мамандықтардың бәрі жақсы	Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.	1	15/11
4	Жақсы өнеге	Қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.	1	17/11
5	Менің үйім	Артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	22/11
6	Менің бөлмем	Шағын мәтін құруға жаттықтыру.	1	24/11
7	Менің Отаным	Балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін ояту.	1	29/11

№	Тақырыбы	Ұйымдастыру іс-әрекетінің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі
Сауат ашу негіздері (11 сағат)				
1-2	Үнді дауыссыз дыбыстар	Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.	2	8,9.11
3	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	1	10.11
4-5	Дыбыстар әлемі	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. 2. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру	2	15,16.11
6	Буын	Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. 2. Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.	1	17.11
7-8	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиеле	2	22,23.11
9	Буынға бөлейік	Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.	1	24.11
10-11	Ойнай отырып оқимыз	Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту	2	29,30.11

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Сынып: Мектепалды даярлық 0 «Ә»

Балалардың жасы: 5-6

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Желтоқсан айы 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	Допты алып жүру жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жатықтыру әрі дамыту. Балаларға асықпен ойнайтын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу.
Желтоқсан	Сөйлеуді дамыту	Қысқы дала (мұз, сүңкірлер, боран, аяз) туралы білімдерін жетілдіру. Қыс мезгілі туралы жаңа сөздерді меңгерту әрі дамыту. Әр мезгілді сипаттай білуге тәрбиелеу.
	Көркем әдебиет	Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру. Өз елінің тілін, рәміздерін дұрыс айта білуге білімдерін кеңейту. Тәуелсіз сөзінің мағынасын түсіндіре отырып дамыту. Ел батырларының батырлығын құрметтей білуге тәрбиелеу.
	Сауат ашу негіздері	Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін жетілдіру. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Қазақ тілі	Заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға үйрету. Нүкте, сәуле, сызық, кесінді туралы түсінік қалыптастыру. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін дамыту. Ептілікке тәрбиелеу.
	Математика негіздері	Пайдалы және зиянды тағамдар туралы түсініктерін кеңейту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойындарына деген сезімге тәрбиелеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Салт дәстүрге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Киндердің қорабымен жан-жануарларды құрастыра алуға қолдарын жаттықтыру. Қызығушылық сезімдерін дамыту. Қауіпсіздікті сақтай білуге тәрбиелеу.
	Сурет салу	Торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.
	Мүсіндеу	Көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Қол бұлшық еттері, ойлау қабілеттерін дамыту. Газалық сақтауға тәрбиелеу.
	Жапсыру	Домалақ пішінді қиюға жаттықтыру: Қағазды қатпарлап бүктеу арқылы шыршаның жиектерін иректен қиюды дамыту. Қауіпсіздік ережесін сақтай білуге тәрбиелеу.
	Музыка	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын дамыту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Дене шынықтыру (12 сағат)			Сағат саны	Мерзімі
1	Тату тәтті боламыз.	Шаңғымен жүру кезінде ырғақтылықты дамыту. Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтыру ойын – жаттығулары жасай алуға тәрбиелеу.	1	02/12
2-3	Менің көңілді добым.	Гимнастикалық қабырғаның басына дейін әртүрлі әдіспен өрмелеп шығу жаттығуларымен таныстыру.	2	05-07/12
4-5	Аулада ойнайтын ойындар.	Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	2	09-12/12
6-7	Асықпен ойналатын ойындар.	Қапшықты тізелердің арасынан қысып алып, екі аяқтап секіруге тәрбиелеу.	2	14-19/12
8-9	Хоккей ойнаймыз	Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру.	2	21-23/12
10-11	Керуен	Ойын элементтерін дұрыс жасай білуге жаттықтыру. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау барысында тұлғаның дұрыс дамуын қалыптастыру. Нысананы көздеп доп тигізуге үйрету. Доппен ойнау жаттығулары. Жүгіру және секіру жаттығулары	2	26-28/12
12	Біздің айналамыздағы әлем.	Жалпы дамыту жаттығуларын орындау барысында тұлғаның дұрыс дамуын қалыптастыру. Нысананы көздеп доп тигізуге үйрету.	1	30/12
Сөйлеуді дамыту (9 сағат)				
1-2	Қысқа дайындық	Ертегі желісімен таныстыру. Балаларға түсінгендері туралы сұрау. Қыс мезгіліндегі жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Әр мезгілді сипаттай білуге тәрбиелеу.	2	01-06/12
3-4	Алғашқы қар	Қыс мезгілінің құбылыстары жайлы мәлімет беру. Қысқы дала (мұз, сүңкірлер, боран, аяз)	2	08-13/12
5-6	Менің Отаным (өлең)	Отанға сүйіспеншілік, патриоттық сезім тәрбиелеу. Сөздік қорларын дамыту және жаңа сөздерді меңгерту.	2	15-20/12
7-8	Қыс	Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жаттауды дұрыс жаттай білуге сөздік қорларын қалыптастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге тәрбиелеу.	2	22-27/12
9	Ажарлы қыс	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді жаттау. Дәптермен жұмысты қызығушылықпен орындай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын молайту.	1	29/12
Көркем әдебиет. (9 сағат)				
1-2	Дос болайық бәріміз.	Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру. Тәуелсіз сөзінің мағынасын түсіндіру. Тәуелсіздік оңайлықпен келмегені туралы ұғындыру. Ел батырларының батырлығын құрметтей білуге тәрбиелеу. Өз елінің тілін, рәміздерін дұрыс айта білуге білімдерін кеңейту. Өлеңді дұрыс айта білуге тілін дағдыландыру.	2	01-06/12
3-4	Бәрін білгім келеді.	Саусақ қимылдары арқылы ертегіні сахналау, тілдерін жаттықтыру.	2	08-13/12

5-6	Дұрыс сөйлеу мәнері.	Ертегіні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру.	2	15-20/12
7	Тазалық пен ұқыптылық.	Ертегі кейіпкерлерінің эмоцияларына ене отырып, сахналауға үйрету.	1	22/12
8-9	Жаңа жыл келді. Сағи Жиенбаев.	Өлеңді мәнерлеп айтуға, табиғат көріністерін сипаттауға үйрету. Сөздік қорларын молайту, мерекелік көңіл күйге дағдыландыру.	2	27-29/12
Музыка (9 сағат)				
1	«Біздің рәміздер»	Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.	1	01/12
2-3	«Егеменді елім» (ертеңгілік)	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатынқимылмен бере білуге үйрету.	2	06-08/12
4-5	«Қысқы орманда»	Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығыныңсипатын Сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.	2	13-15/12
6-7	«Орманда серуендейміз»	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.	2	20-22/12
8-9	«Қысқы әуен сыңғырлайды»	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.	2	27-29/12
Қоршаған ортамен танысу. (8 сағат)				
1-2	Қыс.	Пайдалы және зиянды тағамдар туралы түсініктерін кеңейту	2	05-07/12
3-4	Қысқы еңбек.	Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру	2	12-14/12
5-6	Қысқы ойындар.	Балаларды жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін нығайту.	2	19-21/12
7-8	Жаңа жыл.	Балаларға қыс мезгілінің мерекелері туралы білімдерін нығайту. Жаңа жыл мерекесінің ерекшелігі туралы түсініктерін қалыптастыру.	2	26-28/12
Сауат ашу негіздері (12 сағат)				
1	Дыбыстық талдау	Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.	1	02/12
2	Дыбыстық талдау	Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.	1	05/12
3	Дыбыстық талдау	Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.	1	07/12
4-5	Сөздерді буынға бөлеміз.	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту	2	09-12/12
6-7	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.	Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.	2	14-19/12
8-9	Дыбыстың сөздегі орны.	Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.	2	21-23/12

10-11	Ойнай отырып оқимыз.	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту	2	26-28/12
12	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.	1	30/12
Шығармашылық әрекет(сурет, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) (4 сағат)				
1	Автобус. Бидай масақтары.	Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.	1	2.12
2	Үйрек. Қоян бауырсақты кездестірді.	Балаларды көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Қол бұлшық еттері, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	9.12
3	Достық ағашы.	Домалақ пішінді қиюға жаттықтыру, қағазды қатпарлап бүктеу арқылы шыршаның жиектерін иректеп қиюды үйрету.	1	23.12
4	Жануарлар әлемі	Балаларға жанауарлар туралы қысқаша мағлұмат беру. Киндердің қорабымен жан-жануарларды құрастыра алуға қолдарын жаттықтыру.	1	30.12
«Математика негіздері» (12 сағат)				
1-2	1-ден 10-ға дейінгі сандар.	Балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, төмен) үйрету.	2	02-05/12
3-4	1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.	Нүкте, сәуле, сызық, кесінді туралы түсінік беру. Сызғышпен таныстыру, геометриялық пішіндерді сызғыштың көмегімен өлшеуге жаттықтыру.	2	07-09/12
5-6	Көршісін тап.	Ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру.	2	12-14/12
7-8	Тез ойла, тез ойна.	Балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.	2	19-21/12
9-10	Салыстыр.	Дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру.	2	23-26/12
11-12	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру: текше, шар, цилиндр.	2	28-30/12
Қазақ тілі (9 сағат)				
1	«Зерде» интеллектуалды ойын	Ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту.	1	01/12
2	Мемлекеттік рәміздер. Ту	Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.	1	06/12
3	Мемлекеттік рәміздер. Елтаңба	Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тапқакты жаттау	1	08/12
4	Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан	Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.	1	13/12
5	Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ.	Балалардың сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету, сөздік қорын молайту.	1	15/12
6	Әсем қала-Алматы	Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту	1	20/12
7	Қыз қызығы	Шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.	1	22/12
8	«Қолғап» ертегісі. «Саяхатшы» ертегісі	Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету	1	27/12
9	Жаңа жыл құтты болсын	Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.	1	29/12

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған жүрісбөлігі ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Сынып: Мектепалды даярлық 0 «Ә»

Балалардың жасы: 5-6

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қаңтар айы 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Денешынықтыру	Балаларды көлбеу қойылған тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап, бір бүйірмен жүруді жаттықтыру; допты еденге соғып алып жүруді дамыта отырып, қимылды ойындарды дербес ұйымдастыруына жағдай жасау; ойын ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.
қаңтар	Сөйлеуді дамыту	Балаларды тақырыптар бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету; ертегіні құрастырып айту барысында сөздік қорларын дамыту; жақсы, жаман әдеттерді ажырата білуге тәрбиелеу
	Көркем әдебиет	Саздылықты, ырғақтылықты сезінуге, өз дауысын басқара білуге, шығарманың мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету; сөздерді түрлі әдістермен құрай білу біліктерін дамыту, ертегі кейіпкерлері арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу.
	Сауат ашу негіздері	Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау түсініктерін қалыптастыру; ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту; дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып тәрбиелеу
	Қазақ тілі	Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздерді мәнерлеп жеткізе білуге үйрету; ұлттық ыдыстардың атауларын дұрыс айта білу дағдыларын дамыту; сауаттылыққа тәрбиелеу.
	Математика негіздері	Уақыт ұғымдары: таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру, апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету; танымдық қабілеттерін дамыту; шапшаң ойлауға, ептілікке тәрбиелеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жолдың, осьтік сызық туралы ұғымдарын кеңейту; жолда жүру ережелері туралы білімдерін дамыту; жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізе білуге тәрбиелеу.
	Сурет салу	Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету; қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ екені туралы түсінік қалыптастыру; қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып, дербес түрде қар кесегін салуды жаттықтыру. Жұмысты қызығушылықпен жасай білуге тәрбиелеу.
	Мүсіндеу	Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі, жалпақтау сурет түсіре білу әдісін үйрету; затқа қарап, ұсынылған әдіс бойынша сәндік мүсіндеу дағдыларын дамыту; тазалыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
	Жапсыру	Үлкен және кіші геометриялық пішіндерді салыстыра отырып жапсыруға үйрету; жырту әдісі арқылы бейнелермен сюжетті толықтыра білу іскерлігін дамыту. Еңбек қауіпсіздігі және жеке бас гигиенасы ережесін сақтауға тәрбиелеу.
	Музыка	Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін ажыратып сақтай білуге үйрету; түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу дағдыларын дамыту. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімге тәрбиелеу.

№	Ұйымдастыру іс-әрекет.	Ұйымдастыру іс-әрекеттің тақырыбы	Ұйымдастыру іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі
Дене шынықтыру (10сағат)					
1		Африкаға саяхат.	Гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.	1	09/01
2-3		Құрлықтар бойынша саяхат	Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру	2	11-13/01
4		Байқоңыр	Еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.	1	16/01
5		Шаңғымен жүру	Шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.	1	18/01
6-7		Ғарышқа саяхат.	Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	2	20-23/01
8		Жыл мезгілдеріне саяхат	Бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату. Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету	1	25/01
9-10		Жігіттер сайысы.	Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру	2	27-30/01
Сөйлеуді дамыту (7 сағат)					
1		Ажарлы қыс	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту.Өлеңді жаттау.Дәптермен жұмысты қызығушылықпен орындай білуге тәрбиелеу.Сөздік қорларын молайту.	1	10/01
2-3		Біз де ойнаймыз?	Ертегіні оқып беру.Ойын туралы білімдерін кеңейту.Мезгілдерді ретімен айта білуге тәрбиелеу.Ертегіні құрастырып,айта білуге сөздік қорларын молайту.	2	12-17/01
4-5		Ақсақ құлан (Аңыз)	Аңыз туралы түсінік беру.Қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы түсінік беру.Аңыз бойынша түсінік сұрау.Жануарлардың төлдерін ажырата білуге тәрбиелеу.	2	19-24/01
6-7		Су торғайы	Әңгіме мазмұнын түсіндіру.Жақсы жаман әдеттерді ажырата білуге білімдерін кеңейту.Құстарға қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.Жақсы әдеттерді жиі қолдану керек туралы түсінік қалыптастыру.	2	26-31/01
Көркем әдебиет. (7 сағат)					
1-2		Жақсы мен жаман.	Жақсылық, мейрімділік құндылықтары туралы білімдерін тереңдету. Бір-біріне жақсылық ойлауға, жақсы тілектер айтуға баулу.	2	10-12/01
3-4		Бір уыс мақта.	Балаларға ертегіні театр арқылы сахналауды үйрету. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру.	2	17-19/01

5-6		Әже. Әбубәкір Қайранов.	Өлеңді оқып беру. Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту. Қызығушылығын арттыру.	2	24-26/01
7		Тату доспыз бәріміз.	Ертегіні сахналай алуға үйрету. Балаларды өздерін еркін ұстай отырып, әртістік қабілеттерін ояту. Ойнай білуге дағдыландыру.	1	31/01
Музыка (7 сағат)					
1-2		«Қыс қызығы»	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатынқимылмен бере білуге үйрету.	2	10-12/01
3-4		Бұл қай кезде болады?	Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығыныңсипатын Сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.	2	17-19/01
5-6		«Қыс келді»	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.	2	24-26/01
7		«Айнала ақша қар»	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.	1	31/01

Қоршаған ортамен танысу (7сағат)

1-2		Қыс қызығы.	Бағдаршамның түстерімен таныстыра отырып,білімдерін кеңейту	2	09-11/01
3-4		Қысқы орманда.	Жолда жүру ережесімен таныстырып,қауіпсіздік ережесін сақтақтау	2	16-18/01
5-6		Байланыс құралдары	Байланыс құралдарымен таныстыру	2	23-25/01
7		Көлік түрлері.	Балаларға көлік түрлері туралы мәлімет беру, арнайы көліктер туралы білімдерін нығайту.	1	30/01

Сауат ашу негізі (10 сағат)

1		Дыбыстық талдау [ұ]	Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту.	1	09/01
2		Дыбыстық талдау	Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту	1	11/01
3		Дыбыстық талдау	Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.	1	13/01
4		Сөздің дыбыстық сызбасы	Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.	1	16/01
5		Біз нені үйрендік? [қ]	Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. Дұрысотыру, дұрысжазуережелерінтаныстыраотырып тәрбиелеу.	1	18/01
6		Дыбыстық талдау	Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Сөздібуынғабөлеалудағдыларынбекіту.	1	20/01

7		Ойнай отырып оқимыз	төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.	1	23/01
8		Дыбыстық талдау	Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту	1	25/01
9-10		Біз нені үйрендік?	Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.	2	27-30/01
Шығармашылық әрекет(сурет,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру) Барлығы- 3 сағат					
1		Мерекелік дастарқан (Акварель бояу)	Балаларды қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.	1	13.01
2		Құмыра	Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету.	1	20.01
3		Теңіз асты патшалығы	Балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету.	1	27.01

Математика негіздері(10 сағат)					
1-2-3		Бүтін және бөлік.	Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау.	3	09-11-13/01
4-5-6		Артық, кем, тең.	Заттарды салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.	3	16-18-20/01
7-8-9		10 көлемінде тура және кері санау.	1-ден 10-ға дейін тура және кері санауға үйрету, сандардың таңбаларын тануға дағдыландыру.	3	23-25-27/01
10		Заттар тобын салыстыру және санау.	Заттарды қасиеттеріне қарай ажырата білуге және салыстыруға үйрету.	1	30/01

Қазақ тілі (7 сағат)					
1		Қысқы орманға саяхат	Ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.	1	10/01
2		Менің киімдерім	Киімінің атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;	1	12/01
3		Қысқы киім	Қысты киімінің атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету	1	17/01
4		Ұлттық киім	Ұлттық киімдермен таныстыру, олардың атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.	1	19/01
5		Дене мүшелерінің атқаратын қызметі	Дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету.	1	24/01
6		Тазалықты сүйеміз	Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру	1	26/01
7		Таңертең не істейміз	Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру	1	31/01

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Сынып: Мектепалды даярлық 0 «Ә»

Балалардың жасы: 5-6

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Ақпан айы 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Денешынықтыру	Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуге жаттықтыру; еденде созылып жатқан арқан, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауыса білуін дамыту. Қимылды ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.
	Сөйлеуді дамыту	Әр мезгілдің ерекшеліктері туралы әңгіме құрастыра білуге жаттықтыру; сурет бойынша әңгімелеу арқылы сөздік қорларын дамыту; өлеңді жатқа айта білуге тәрбиелеу.
	Көркем әдебиет	Балаларды ертегінің сахналау барысында өздерін еркін ұстай отырып, әртістік қабілеттерін ояту. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білу дағдыларын дамыту. Ертегі кейіпкерлер арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу.
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу дағдыларын жетілдіру; дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; тілдік моторикасын жетілдіруге тәрбиелеу.
	Қазақ тілі	Ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету: балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін дамыту; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.
	Математика негіздері	«Бүтін және бөлік» терминдерін енгізу; бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға жаттықтыру (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші); 10 көлеміндегі санды тура және кері санауды дамыту
	Қоршаған орта менталды нығайту	Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету; олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіре отырып дамыту. Қоршаған ортаны қадірлей білуге тәрбиелеу
	Құрастыру	Көп қабатты үйлер және ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен сызба бойынша құрастыруға, құрылыс салуға үйрету
	Сурет салу	Балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, әр оюдың атауларын жатқа білуге білімдерін кеңейту, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерін игерте отырып дамыту
	Мүсіндеу	Қарапайым қатынастарды сақтай отырып жануарлардың пішінін, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәсілдерін үйрету; қол саусақ моторикасын дамыту; жан-жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.
	Жапсыру	Қатты қағазбен бейнені дұрыс қия білуге дағдыландыру; жапсыруларды құрастыру барысында заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын дұрыс орналастыра білуін дамыту; қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып, ұжымдықпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
ақпан	Музыка	Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдауға, таныс шығармалар ырғағын сезіне білуін қалыптастыру; ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. Сыйластық сезімге тәрбиелеу

№	Ұйымдас-тыру іс-әрекет	Ұйымдастыру іс-әрекеттің тақырыбы	Ұйымдастыру іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі
Дене шынықтыру (9 сағат)					
1		Ұлы есімдер	Балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру. Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге жаттықтыру. Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметті білуге тәрбиелеу.	1	1.02
2		Желаяқтар	Жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.	1	3.02
3-4		Батырлар	Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету.	2	13-15.02
5		Мерген	Шапшаңдықпен жүруге, секіруге заттарға денесін тигізбей еңбектеуге жаттықтыру. Жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету.	1	17.02
6		Аңшылар	Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.	1	20.02
7		Қыстаудағы ойындар	Гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.	1	22.02
8-9		Желді қуып жет!	Балалардың белсенділігін дамыту, спортқа қызығушылықтарын арттыру.	2	24-27.02
Сөйлеуді дамыту (6 сағат)					
1-2		Қыс қызықтары	Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жаттауды дұрыс жаттай білуге сөздік қорларын қалыптастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге тәрбиелеу.	2	02-14/02
3-4		Қаңтар	Қыс айларын жатқа білуге білімдерін кеңейту. Әр мезгілдің ерекшеліктері туралы әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту. Жылы киіну туралы түсінік қалыптастыру.	2	16-21/02
5-6		Кеме	Су көліктері туралы білімдерін кеңейту. Өлеңді жатқа айта білуге тәрбиелеу.	2	23-28/02
Көркем әдебиет. (6 сағат)					
1		Тату доспыз бәріміз.	Ертегіні сахналай алуға үйрету. Балаларды өздерін еркін ұстай отырып, әртістік қабілеттерін ояту. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ертегі кейіпкерлер арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу.	1	02.02
2-3		Айтшы, әжеғай.	Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуға білімдерін кеңейту. Әр заттың пайдасы болатыны туралы түсінік беру. Әңгіме құрастыра айтуға білуге қызығушылықтарын арттыру. Мақтаның пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.	2	14-16/02
4-5		Жыл басына таласқан жануарлар.	Балаларға ертегіні көлеңке театры арқылы сахналауды үйрету. Еңбекқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру	2	21-23/02

6		Тұсау кесу.	Әже сөзі туралы түсінік беру.Әжесінің отбасында алар орны бөлек екенін ұғындыру.Әжесі туралы әңгімелеп беруге сөздік қорларын молайту.Үлкендерге қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1	28/02
Музыка (бсағат)					
1		«Айнала ақша қар»	Әннің динамикалық реңін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету.	1	2.02
2-3		«Бесік жыры»	Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне білуге дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.	2	14,16.02
4-5		«Менің туыстарым»	Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.	2	21,23.02
6		«Ақ әжем»	Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.	1	28.02
Қоршаған ортамен танысу (бсағат)					
1		Көлік түрлері.	Балаларға көлік түрлері туралы мәлімет беру, арнайы көліктер туралы білімдерін нығайту.	1	01/02
2-3		Мен тұратын қала (ауыл)	Балалардың туған өлке, қала (ауыл), көшесі туралы білімдерін нығайту.	1	13-15/02
4-5		Туған өлкемнің табиғаты.	Табиғат сұлулығын көре білу іскерлігін қалыптастыру	1	20-22/02
6		Қазақ халқының мәдениеті.	Балаларға қазақ халқының мәдениеті туралы мәлімет беру, мәдениеттің адам өмірінде қаншалықты маңызды екендігі туралы түсінік беру.	1	27/02
Сауат ашу (9сағат)					
1		Дыбыстық талдау	Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.	1	1.02
2		Сөйлем құрай білеміз.	Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.	1	03/02
3		Біз нені білдік? (й)	Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту	1	13/02
4-5		Біз нені білдік, нені үйрендік?	Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру	2	15-17/02

6		Дыбыстық талдау	Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту.	1	20/02
7-8		Біз нені үйрендік?	Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту	2	22-24/02
9		Біз не білеміз?	Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.	1	27/02
Шығармашылық әрекет(сурет,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру) (3сағат)					
1		Теңіз асты патшалығы	Көп қабатты үйлер және ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, сызба бойынша құрастыруға, құрылыматериалдарын таңдай білуге үйрету.	1	3.02
2		Атама арналған тымақ	Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру.	1	17.02
3		Кесе	Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру, тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту.	1	24.02

Математика негіздері(9сағат)					
1-2		Заттар тобын салыстыру және санау.	Заттардың салмағы және оларды өлшеу туралы ұғымдарды бекіту.	2	01-03/02
3-4-5		Заттың бірнеше тең бөліктері.	«бүтін және бөлік» терминдерін енгізу; бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.	3	13-15-17/02
6-7-8		Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.	«артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.	3	20-22-24/02
9		Шартты өлшем.	1 – 10 сандарының ретімен, тура және кері санаумен таныстыру.	1	27/02
Қазақ тілі(6сағат)					
1		Ұлттық ыдыстар.	Қазақ халқының ұлттық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру. Салт-дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	02/02
2		Ыдыс-аяқ дүкені.	Ыдыс-аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.	1	14/02
3		Азық-түлік	Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.	1	16/02
4		Асханада	Білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту.	1	21/02
5		Әжемнің базарлығы	Ұлттықтағамтүрлеріментаныстыру.	1	23/02
6		Нан қайдан келеді?	Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.	1	28/02

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі»

Сынып: Мектепалды даярлық 0 «Ә»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) наурыз айы 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	Спорттық ойын элементтерін және жаттығуларын меңгеруге, гигиеналық шараларды дербес орындауға қалыптастыру; қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін дамыту; қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.
	Сөйлеуді дамыту	Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету; қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды дамыту; қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.
	Көркем әдебиет	Мазмұнның жүйесін сақтай отырып, шағын шығармаларды айтып беруге үйрету; достық сезімді қолдану арқылы ертегімен таныстыру балаларды тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Үлкендерді тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.
